



Күйзеліс туралы ілім.

Күйзелістік жағдайлардың алдын алу.

**Эмоциялық – жігер саласының
бұзылысы.**

Күйзелістік жағдайлар.

- «Стресс» - ағылшын сөзі, қазақшалағанда күйзеліс мағынасында қолданылады.
- **Күйзеліс** - кез-келген күшті әсерден адамда пайда болатын психологиялық күй. Стресс ұғымын канадалық физиолог Г.Селье 1936 жылы енгізді. Эмоциялық күйзелістік жағдайлар қиын ахуалдарда пайда болады және орасан зор ішкі күйзелістің нәтижесінде аңғарылады. Бұл көңіл-күйлер қауіп төнген жағдайда, шамадан тыс дене және ақыл-ой жүктемелері, тез және жауапты шешім қабылдау қажет болған жағдайда және т. б. пайда болады. Қазіргі өмірде күйзелістен қашып құтылу мүмкін емес. Ауа-райының күрт ауысуы, жұмыстағы мәселелер, көліктегі ұрыс-керіс, кездесуге кешігу, отбасындағы келеңсіздіктер...

- Күйзелістің психологиялық белгілері ұмытшақтық, есте сақтау қиындықтары, қобалжу, шектен тыс уайымшылдық, себептер қорқыныштар, ашуланшақтық болып табылады. Бұл өзіне деген сенімділігін жоғалтып, түрлі ауруларды, психикалық шаршауларды туындатады және дәріге бағынышты етеді.
- Мысалы, қатты күйзеліс кезінде ағзада түрлі химиялық заттар түзіле бастайды.
- Ал, күйзелістердің адам ағзасына зияны туралы пікірлер көп. Шындығында да, ол ағзаның қорғанысқа қабілетін әлсіретіп, иммундық жүйесіне тікелей әсер етеді. Мысалы, қатерлі ісік ауруы адам ағзасының ең бір әлсіреп, қалжыраған сәтінде бас көтеретіні белгілі. Әсіресе, эндокринді жүйеде пайда болған рак ауруы күйзеліспен тікелей байланысты. Бұл «Барлық ауру - жүйкеден» деген сөздің дұрыстығының тағы бір дәлелі.

**Эмоциялардың бұзылуы туралы жалпы ақпарат:
селқостық, эйфория, дисфория, депрессия және желікпе**

- **Эмоцияналды бұзылу симптомдары сан алуан және өте көп. Эмоцияның бұзылуы симптомдардың эмоцианалды әсер ету ме көңіл күйдің бұзылуы симптомдары сияқты түрлері бар.**
- **Көңіл - күйдің бұзылуының екі түрі бар: күшейтілген және әлсіз эмоциялар. Күшейтілген түріне гипертимия, эйфория, экстаз жатады.**

Эйфория

- көңілді, жылжымалы, сөйлегіш, күлкілі патологиялық көтеріңкі күй. Мұндай жағдай ішімдіке не есірткіден масайғанда, токсиманиялық заттарды (дәрілерді, тұрмыстағы химиялық заттарды, бензинді, толуолды және т.б.) қолданғанда, ауыр соматикалық (мидың ісігі, мерез ауруы) және психикалық ауру кезінде болады.

Депрессия

- зарығу, мазасыздану, абыржу, қорқу сияқты сезімдер ере жүретін патологиялық түрде көңілдің төмендеуі. Депрессияның ауыр түрінде суицидтік (өмір сүргісі келмейтін) ойлар мен әрекеттер болады.

Дисфория

- көңілдің зарығуы мен ызалануы. Мұндай жағдай церебральды атеросклерозда, мидың зақымдануында, эпилепсияда болады.




Рисунок. Основные симптомы депрессии

Апатия

- (селқостық, енжарлық) сезімдердің жоғалуы, психикалық қызметтің ауыр зақымдануы. Мұндай жағдай шизофренияда болады.

Ынжықтық

- эмоциялардың жылдам ауысуы. Қалыпты жағдайда балаларда, қартайған адамдарда церебралды атеросклероз кезінде болады.

Патологиялық аффект

- өзінің әрекетімен айналаға қауіпті, сананың терең тұнжырауы. Осы өзгерісті анықтаудың сот-психиатрдың тәжірибеде маңызы бар.

АПАТИЯ



УМЕНЬШЕНИЕ
АКТИВНОСТИ



КРУГ
УСИЛЕНИЯ
АПАТИИ



УМЕНЬШЕНИЕ
АКТИВНОСТИ



ПОДАВЛЕННОСТЬ
УСИЛИВАЕТСЯ



Желікпе

- сарыуайымшыл психозды дербес ауру ретінде Крепелин 1896 жылы анықтаған болатын. Бұл аурудың бітімдік ерекшеліктері тұрғысында мыналар байқалады: желікпе-сарыуайымшыл психоздың мезі қылатын талмалары көбіне үнемі жоғары көңіл-күймен ерекшеленетін немесе көңіл-күйдің ауытқуына бейімділік айқын білінетін жандарда жиі пайда болады.

**Жігердің бұзылуының жалпы ұғымдары:
гипобулия, гипербулия, абулия, негативизм, клептомания, мутизм**

Абулия - еріктің жоғалуы, ештеңе істегісі келмейтін патологиялық жағдай.

Гипобулия - еріктің төмендеуі, бір іспен айналысуға талапсыздық, ынтасыздық, ештеңе істегісі келмейтін психикалық жағдай.

Гипербулия - еріктің күшеюі.

Клептомания - еш себепсіз ұрлық жасауға құмар болу.

Мутизм - сөйлеу аппараттары сау болғанымен сөйлесе алмау.

Негативизм - науқас адамның тілдесуші адамды жақтырмауы, сөйлеспеуі, еш себепсіз қарсылық әрекет жасауы.

Аггравация - аурудың белгілері мен ауру адамның шағымын өсіру.

Симуляция - жоқ ауруды әдейі бейнелеу.

Диссимуляция - аурудың өзін және оның белгілерін жасыру. Аггравация мен симуляция сот-психиатриялық, еңбек-дәрігерлі және әскери сараптау тәжірибесінде кездеседі.